

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№1(126)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2019

Astana, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© **Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатбаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Қараханқызы Ұ.</i> Мета­мәтін құрылымындағы мифтік символика	8
<i>Айтуғанова С.Ш., Дәулетова А.А.</i> Дала патшайымдары туралы аңыз бен ақиқат ...	16
<i>Аққұлы С.</i> Алаш мемлекеттік армиясының құрылуы хақында	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Ә.Нұршайықовтың эпистолярлық мұрасы	39
<i>Дәуітова Г.Р., Сұлтан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев Қ.Қ.</i> З.Ахметов зерттеуіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы	54
<i>Жүсіпов Н.Қ., Ибраева А.Т.</i> Бекмұрат Уақатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық жіктелуі	61
<i>Қасқабасов С.А.</i> Томирис – «Мәңгілік ел» идеясының символы	69
<i>Кемеңгер Қ.Р., Діл­дә Ж.Р.</i> М.Мырзахметұлы Бауыржан Момышұлы жайында	77
<i>Өскен Ә.М., Қамзабекұлы Д.</i> Алаштану: текстологиялық жауапкершілік туралы (Ә.Н. Бөкейханның «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақалалары)	84
<i>Садықова Р.Т.</i> Халел Ғаббасов: өмір мен өріс мектептері	94
<i>Химмат Сайед Әли әш-Шазли</i> Орыс әйелдерінің қайғылы тағдыры – орыс адамының дара тұлғасы (Е.Чижованың «Әйелдер уақыты» романы негізінде)	104

Лингвистика

<i>Әбдуәліұлы Б., Көшкінбай Д.</i> Қазақ лексикасындағы құқықтық ақпараттарды зерттеудің жалпы мәселелері	120
<i>Әубәкір С.С., Біжкенова А.Е.</i> Поэтикалық дискурстың ерекшеліктері	127
<i>Досжан Р.А.</i> Тарихи түбірлердің сөзжасамдық қабілеті	135
<i>Ақжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Қазақстанның лингвистикалық ландшафтындағы көптілділік белгілері (Астана қаласы негізінде)	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Абайдың 38-інші сөзін орыс және ағылшын тілдеріне аудару: салыстырмалы анализ	150
<i>Сейидова С.</i> Әзірбайжан, ағылшын және орыс тілдеріндегі «Жас» концептісі және оның идиоматикалық өкілдігі	157
<i>Сыздықова Г.О., Шолақова А.К.</i> «Ер Төстік» ертегісінің лингвосомиотикалық аспектісі	165

Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі

<i>Баекеева А.Т., Тәжібаева С.Ж.</i> Тау-кен саласындағы халықаралық терминдерді аудару	173
<i>Ниязова А. Е., Мукатова М.Н.</i> Көптілді ортада шет тілінде сөйлеудің мультилингвалды әрекетін қалыптастыру	183
<i>Смағұлова А., Мұхаметқалиева Г., Балтабаева Г.</i> Сөздерді құрылымдық ұйымдас­тыру (ағылшын және қазақ тілдеріндегі «мұнай газы» термині)	191

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zh.A., Karakhankyzy U.</i> Mythical symbolism in the structure of metatext	8
<i>Aituganova S.Sh., Dauletova A.A.</i> The legend and truth about the steppe queens	16
<i>Akkuly S.</i> About the creation of the Alash state army	24
<i>Doskeyeva Sh.A.</i> A.Nurshaikhov's contribution to the epistolary genre	39
<i>Dautova G., Sultan Y., Meirambekova L.K.</i> Mythical characters in the archaic epos	46
<i>Yeslyam A.B., Alpysbayev K.K.</i> Abai's heritage in Z. Akhmetov's research	54
<i>Jysipov N.K., Ibrayeva A.T.</i> Genre classification of folk poems in Bekmurat Uakatov's researches	61
<i>Kaskabasov S.A.</i> Tomiris - Symbol of the Concept of «Мәңгілік ел»	69
<i>Kemenger K.R., Dilda Zh.R.</i> M. Myrzakhmetuly is about Baurzhan Momysuly	77
<i>Osken A.M., Kamzabekuly D.</i> Alash studies: on textual responsibility (Articles by A.N. Bokeykhan, published in «Zhana mektep») journal	84
<i>Sadykova R.T.</i> Khalel Gabbasov: School of life and development	94
<i>Himmat Sayed Ali ash-Shazli</i> The Tragic Fate of the Russian Women and the Symbol of the Russians Identity (According to the Novel by E. Chizhova «Time of Women»)	104

Linguistics

<i>Abdualiuly B., Koshkinbay D.S.</i> General problems of studying legal information in Kazakh lexicon	120
<i>Aubakir S.S., Bizhkenova A.Ye.</i> Features of Poetic Discourse	127
<i>Doszhan R.A.</i> Word-building ability of historical roots	135
<i>Akzhigitova A., Yelegenova M., Zhanzakova A.</i> Multilingual signs in the linguistic landscape of Kazakhstan (the case of Astana)	142
<i>Sarsikeyeva G.K., Baiorazova Zh.K.</i> Translation of Abays 38 th word info Russian and English: comparative analysis	150
<i>Seyidova S.</i> The concept of "Age" and its idiomatic representation in the Azerbaijani, English and Russian languages	157
<i>Syzdykova G.O., Sholakova A.K.</i> Linguosemiotic Aspect of Fairy Tales	165

Methods of teaching language and literature

<i>Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh.</i> Translating International Terms for Mining Industry	173
<i>Niyazova A. E., Mukatova M.N.</i> Formation of foreign language speech activity in a multilingual environment	183
<i>Smagulova A., Mukhametkaliyeva G., Baltabayeva G.</i> Structural organization of words («Oil gas» term in English and Kazakh)	191

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Ж.А., Караханкызы У.</i> Мифическая символика в структуре метатекста	8
<i>Айтуганова С.Ш., Даулетова А.А.</i> Легенда и правда о степных королевах	16
<i>Аккулы С.</i> О создании Алашской государственной армии	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Эпистолярное наследие А. Нуршаихова	39
<i>Даутова Г.Р., Султан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Мифические персонажи в архаическом эпосе	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев К.К.</i> Творческое наследие Абая в исследованиях З.Ахметова	54
<i>Жусипов Н.К., Ибраева А.Т.</i> Жанровая классификация народных стихов в исследованиях Бекмурата Уакатова	61
<i>Каскабасов С.А.</i> Томирис – символ вечной идеи «Мәңгілік ел»	69
<i>Кеменгер К.Р., Дильда Ж.Р.</i> М. Мырзахметулы о Бауржане Момышулы	77
<i>Оскен А.М., Камзабекулы Д.</i> Алашоведение: о текстологической ответственности (Статьи А.Н.Бокейхана, опубликованные в журнале «Жана мектеп»)	84
<i>Садыкова Р.Т.</i> Халел Габбасов: Школа жизни и развития	94
<i>Химмат Сайед Али аш-Шазли</i> Трагическая судьба русских женщин – символ идентичности русского человека (по роману Е.Чижовой «Время женщин»)	104

Лингвистика

<i>Абдуалиулы Б., Кошкинбай Д.</i> Общие проблемы изучения правовой информации в казахской лексике	120
<i>Аубакир С.С., Бижекенова А.Е.</i> Особенности поэтического дискурса	127
<i>Досжан Р.А.</i> Словообразовательные важности исторических корней	135
<i>Акжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Многоязычные знаки в языковом ландшафте Казахстана (на примере Астаны)	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Перевод 38-го слова Абая на русский и английский языки: сравнительная анализ	150
<i>Сейидова С.</i> Концепт «Возраст» и его идиоматическое представление на азербайджанском, английском и русских языках	157
<i>Сыздыкова Г.О., Шолакова А.К.</i> Лингвосемиотический аспект волшебных сказок	165

Методика преподавания языка и литературы

<i>Баекеева А.Т., Тажибаева С.Ж.</i> Перевод интернациональных терминов горно-рудной промышленности	173
<i>Ниязова А.Е., Мукатова М.Н.</i> Формирование иноязычной речевой деятельности в мультилингвальной среде	183
<i>Смагулова А., Мухаметкалиева Г., Балтабаева Г.</i> Структурная организация слов (термин «нефтяной газ» в английском и казахском языках)	191

FTAMP 17.09.09

С.А. Қасқабасов

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қазақ халқының батырлық-эпикалық жыр-аңыздарында көркем бейнеленуі» тақырыбындағы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру жобасы бойынша орындалды (келісімшарт №132, 12 наурыз, 2018 жыл)

Томирис - «Мәңгілік ел» идеясының символы

Аңдатпа. Мақалада түркі дәуіріне дейінгі қаһармандық аңыздар қатарындағы Томирис патшайым туралы аңыздарға тарихи жазбалар және көркем туындылармен салыстырмалы талдаулар жасалады. Томирис туралы аңыздар он екі мотивке жіктеліп, сол мотивтер бойынша тұжырымдар жасалады. Сондай-ақ Геродоттың «Тарих» еңбегіндегі жазбалардың тарихи мәні сараланады. Томирис патшайымның елдікті сақтау жолындағы күресі, ерлік істері, ел билеуші ретіндегі тұлғасы – аңыздың негізгі өзегі екендігі көрсетіледі. Елдік пен ерліктің тамаша үлгісі ретінде ел жадында мәңгілік сақталған қаһармандардың істері аңыз арқылы дәріптелгені түсіндіріледі. Тарихи оқиға мен аңыздар негізінде түзілген әйгілі тарихшы еңбегіндегі мәліметтер кейінгі, қазіргі заман зерттеушілері мен қаламгерлерінің еңбектеріне қайнар көз болғандығы айтылады. Томирис патшайымның елдік жолындағы ерлігі «Мәңгілік Ел» идеясының бағытында түсіндіріліп, тұжырымдалады.

Түйін сөздер: Геродот, антика, тарих, мотив, Томирис, сак, фольклор, ерлік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-69-76>

Кіріспе. Өзінің атақты «Тарих» кітабын жазу барысында Геродот көп жерді аралаған, көптеген адамдармен кездескен. Дұрысын айтқанда, ол осы кітабында, негізінен, антика заманындағы гректер мен парсылардың арасында болған қисапсыз соғыстарды, тарихи оқиғаларды баяндайды, сол шақтағы патшалар мен қолбасшылардың өмірін, сондай-ақ шайқасып жүрген елдердің салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін әңгімелейді. Ол өзінен бұрын өмір сүрген қайраткерлерді, олардың адами, әскери, саяси харекеттерін, бір-бірімен ара-қатынастарын сипаттайды. Ғұмырында жеті рет саяхат жасаған Геродот тарихи деректермен ғана шектелмейді: ол өзіне жолыққан адамдардан да, тіпті кейбір соғыстарға қатысқан ардагерлерден де естелік-әңгімелер жазып алады. Сондай әңгімелердің ішінде шындыққа негізделген аңыздар мен қиял араласқан эпсана-хикаялар мен хикаяттар да ұшырасады. Осы типтес ауызекі әңгімелердің арасында Томирис патшайым жайында тамаша аңыз бар. Жай ғана аңыз емес. Ол тарихи оқиғаға құрылған, өмірде болған даңқты адамдардың мінез-құлқын, іс-қимылын, соғысу амалдарын шындықтан ауытқымай бейнелейтін нағыз тарихи аңыз түріндегі шығарма. Бұл шығарманың тағы бір айрықша ерекшелігі – парсылардың әдеттегі гректермен соғысы емес, парсылардың Ұлы Даланы мекендейтін массагет-сақтармен соғысын әңгімелеуі. Бұл оқиға біздің дәуірімізге дейінгі 530-529 жылдары болған. Осы жағдай аңызда нақты көрсетіліп, соғыстың қалай басталып, қалай жүргені, қалай аяқталғаны кеңінен айтылады.

Егер Геродоттың өмір сүрген уақыты біздің дәуірімізден бұрынғы 484 жыл мен 425 жылдар аралығын қамтитынын ескерсек, онда Геродот бұл аңызды жазып алған шақта әлгі соғысқа қатысқан ардагерлермен кездесуі де мүмкін, өйткені соғыстың аяқталғанына 100 жылдай ғана мезгіл өткен. Олай болса бұл аңыз ақиқатқа өте жақын деуге болады.

Мәселенің зерттелуі. Томирис пен Кирдің шайқасы туралы жазылған еңбектер баршылық. Шетелді былай қойғанда, қазақ авторлары да біршама тер төкті бұл тақырыпқа. Мәселен, жазушы Болат Жандарбековті, зерттеушілер Немат Келімбетовті, Алма Қырау-

баеваны, Тұрсын Жұртбаевты атауға болады. Олар аңызды әр мақсатта қарастырған. Бірі аңыз сюжетіне повесть жазған (Б.Жандарбеков), бірі аңызды қазақ әдебиетінің бастауларына жатқызады (Н.Келімбетов, А.Қыраубаева), енді бірі аңызды тарихи дерек деп пайдаланады (Т.Жұртбаев).

Біздің мақсатымыз – аңыздың сюжетін герменевтика тәсілімен талдап, оның ішкі құрылымын ашып, кейіпкерлер бейнесінің, олардың іс-әрекеттерінің қандай көркемдікпен суреттелетінін айқындау, сол арқылы «Мәңгілік ел» идеясының қалай және қандай әдістермен паш етілетінін зерттеу.

Мәселенің өзектілігі. Геродот жазбасындағы сюжет бірнеше мотивтен тұрады.

Бірінші мотив: Кир патшаның Томириске «құда түсу» үшін елші жіберуі. Бұл – жалпы фольклорда, дәлірек айтқанда, батырлық жырларда, кейбір дастандарда, батырлық ертегілерде бүкіл сюжеттің бастамасы ретінде берілетін батырдың үйлену үшін өзіне жар іздеу мотиві, яғни барлық елдің эпосында кездесетін «үйлену» мотиві. Әдетте, болашақ батыр, яки патша (хан, сұлтан, т.б.) үйлену мақсатымен қыз іздеп, үйінен, елінен жыраққа сапар шегеді (осыдан әрі қарайғы оқиғаның бәрі онымен байланысты болады).

Геродот жазбасында бұл мотив басқаша сипатта көрінеді. Кир үйінен қыз іздеп шықпайды. Ол үйлену үшін емес, жаулап алу ниетімен құдалыққа елші жұмсайды. Міне, бұл «құдалық» бүкіл сюжеттің бастамасы болып оқиғалардың баяндалуына жол ашады.

Екінші мотив: Геродот жазбасында Кирдің «құда түсуі» сәтсіз аяқталады. Шамданған ол «қалыңдықты», оның елін күшпен алмақ болады. Сөйтіп ол соғыспақ үшін нақты әрекетке көшеді. Аракс өзенінен өту үшін кемелерді бір-біріне жалғап, көпір салдыра бастайды.

Әдетте, эпикалық жырларда қалыңдық (яки әкесі) келіспесе, батыр (хан, әмірші) қыздың елін шауып, қалыңдықты мәжбүрлеп, немесе күшпен тартып әкетеді. Бірақ батырдың соғысқа дайындығы тәптіштеп айтылмайды. Ал, Геродот кітабындағы Кир патша соғысқа жақсылап дайындалады, кеңес құрады.

Үшінші мотив: Геродот жазбасындағы бұл мотив – жаңа. Жалпы, халықтық дәстүрдегі эпостарда келісім бермеген қызды, оның елін басып алу үшін жасалған нақты істер мен кеңес құрып, ақылдасу деген болмайды. (Рас, ондай жағдай «түс көру» мен «түс жору» мотивтерінде кездеседі). Бұл жағдай – біз талдап отырған аңызға белгілі дәрежеде мемлекеттік эпостың әсері болуы мүмкін. Геродот жазып алған замандағы фольклорлық дәстүр (үдеріс) мемлекеттердің (әсіресе, грек пен парсылардың) бір-біріне қарсы жорықтары қаһармандық фольклордың рулық-тайпалық сипаттан асып, мемлекеттік тұрпатта көрініп, дамығаны белгілі. Сол себепті Геродот жазбасында Кир патша өзінің басшыларымен кеңес құрып, ақылдасады. Кеңесте қолбасшылардың ойы мен сөзі мемлекет тұрғысынан айтылады.

Төртінші мотив: Патшалардың соғысқа кіруден бұрын бір-біріне елші жіберіп, ойларын айтуы. Геродотта Кир мен Томирис әуелі бір-біріне хабаршы-елші жіберіп, ұрыс шарттарын сөз етеді. Алдымен Томирис өзінің хабаршысын жібереді де, Кирге райыңнан қайт, ал егер бізбен соғысам десең, өзеннен өт. Біз өзеннен үш күндік жерге шегінеміз, ал егер бізді өзеннен өткізсең, сен де солай ет деп кеңес береді.

Осы мотив бойынша ежелгі эпостарда екі батырдың жекпе-жекке түсер алдында бір-бірімен сөз салғастырып, әрқайсысы өзінің күш-қуатын айтып, қарсыласына қыр көрсетеді. Содан соң ғана қарумен сайысқа кіріседі. Бұл ру-тайпалық қоғамда орныққан дәстүр болатын, ол фольклорда да көрініс тауып, екі батырдың жекпе-жегі екі ел арасындағы келіспеушілікте шешуші рөл атқаратын кей-кейде.

Геродот жазбасында бұл ескі мотив мемлекеттік қоғам кезіндегі дәстүрге сай өзгертіліп, мемлекеттік дәрежедегі мәселе болып көрсетілген. Кирдің жауап беруі, Томирисінің қайта жауап беруі – осы өзгерістің көрінісі.

Бесінші мотив: «Әскери кеңес» мотиві десек болады. Кир патша Томирисінің алғашқы сәлемінен кейін өзінің әскербасыларын шақырып, кеңес сұрайды. Бұл кеңесте екі түрлі пікір айтылады. *Біріншісі* – өзеннен өтпей, Томирисі әскерімен осы жерде қарсы алу. Бүкіл әскербасы қолдайды бұл ойды. *Екіншісі* – өзеннен өтіп, Томирис жеріне кіріп соғысу. Бұл пікірді Крез айтады. Ол Кирден жеңіліп қалған Мидияның патшасы еді. Кир оған рақымшылық жасап, жанында әскери кеңесші ретінде ұстайтын. Крездің сөзін мақұл көріп, Кир Томириске кейін шегінсін деп хабар береді де, әскерімен бірге өзеннен өтеді. Бұл мотив ескі эпоста жоқ.

Алтыншы мотив: Кирдің түс көруі. «Түс көру» мотиві барлық халықтың фольклорында бар және көбінесе жеңіліс табатын батырдың, яки патшаның түсі болады. Мұнда да солай.

Жетінші мотив: «Түс жору» мотиві. Әдетте, ескі фольклорда түсті басқа адамдар жориды, ал Геродот жазбасында көрген түсін Кирдің өзі жориды. Оның жорығаны – түптің түбінде тура келеді. Аңыздың өзінде «бұл түс арқылы тәңір Кирдің ажалы осы жерде массагеттер елінде болатыны, ал оның патшалығы Дарийге көшетіні туралы ғана аян берген еді» [1, 78] - делінеді.

Сегізінші мотив: Кирдің массагеттер сарбаздарын мас қылып, біразын қырып, қалған бөлігін тұтқынға алуы. Мұндай іс-әрекет ру-тайпалық фольклорда да көрсетіледі. Эпикалық дәстүр бойынша жорықпен келе жатқан батырды орта жолда дұшпандары ебін тауып, мас қылып, яки ұйықтатып, немесе басқа бір шара қолданып, есеңгіретіп, қол-аяғын байлап, алып кетеді. Оны не зынданға салады, не болмаса басқа бір шаруаны атқаруға жұмсайды. Геродот кітабындағы аңызда Томирисінің ұлы дұшпандардың аялына ілініп, мас боп қалады да, жаудың қолына түседі. Әрине, дәл эпостағыдай емес, бірақ ескі эпостың мотиві сәл өзгеріспен пайдаланылған. Бұл өзгеріс ру-тайпалық эпостағы ситуация мен Геродот аңызындағы мемлекеттік ұғымдағы ситуацияның айырмашылығынан туындаған болуы мүмкін.

Тоғызыншы мотив: «Батырдың тұтқында болуы». Массагеттердің қолбасшысы Спаргапис өзінің тұтқынға түскенін көріп, өзіне қанжар салып өледі. Бұрынғы ру-тайпалық эпоста да батыр «аңғалдықпен» тұтқынға түседі, бірақ ол өзіне қол жұмсамайды, әртүрлі көмекшілердің жәрдемімен тұтқыннан босап шығып, өзінің қаһармандық істерін жүзеге асырады.

Онныншы мотив: «Кек алу» мотиві. Әдетте, ескі эпоста тұтқыннан шыққан батыр жаудан кегін қайтару үшін тағы да жорыққа шығады. Мұндай іс-әрекетке Томирис де барады. Өз әскерінің, әсіресе баласының алдауға түсіп, мерт болғанын білген соң Томирис бүкіл әскерін жиып, Кирдің әскеріне өзі шабуыл жасайды.

Он бірінші мотив: «Қарсыластардың шайқасы». Геродот аңызында шайқас біршама нақты көрсетіледі. Мұнда екі жақтың да әскері белгілі бір дәрежеде арнайы дайындықтан өткен сарбаздардан тұрады. Олар соғыс ережесіне сәйкес ұрысады, қаруларын рет-ретімен қолданады, бір тәртіппен шайқасады. Дәлірек айтқанда, «дұшпандар алдымен бір-біріне қарсы тұрып, садақпен атысқан. Сосын садақ оқтары таусылған соң, олар қоян-қолтық ұрысқа көшіп, қанжармен, найзамен соғысқан» - деп жазады Геродот [1, 80 б.].

Соғысудың мұндай әдісі мемлекетте тұрақты әскер болғанын, олар соғыс тәсілдері мен ретін жақсы меңгергенін, сөйтіп, өлмей, беріспейтін жауынгерлер дайындалғанын көрсетеді. Ал, ежелгі эпоста шайқас бұлай жүрмейді.

Он екінші мотив: «Жеңілген жауды жазалау». Бұрынғы ру-тайпалық жырда жеңілген дұшпанды жазалау, көбінесе, жеңілген батырды, яки ханды өлтіру болып көрінеді. Бұған қоса жеңілген жауды қорлап өлтіру де кездеседі, оның «құлағын кесіп құнтитып, мұрнын кесіп шұнтитып» жазалау да бар. Рас, бұлай жазалау, әдетте, зұлымдыққа барған, зорлық-зомбылық істеген, сатқындық жасаған адамға қолданылған.

Томирис осы әдісті қолданған. Ол шапқыншылықпен келіп, залымдықпен Спаргаписті өлтірген, әскерінің үштен бір бөлігін қырған. Кирді қанішер деп атап, оның басын қанға толы меске салып, жазалайды.

Осылайша, Шығыстағы Вавилон, Бактрия сияқты ірі мемлекеттерді бағындырып, 29 жыл патшалық құрған Кир біздің дәуірімізге дейінгі жыл санауы бойынша 529 жылы массагет-сақтардың сайын даласында масқара болып, атаусыз қалады. Сондықтан, оның «өлімі туралы көптеген аңыз-әңгімелердің ішіндегі ең дұрысы, менің ойымша, – осы сияқты» [1, 80 б.], – деп күмәндана жазады Геродот.

Мәселенің талдамасы. Сонымен, біз бұл аңыздың жанрлық белгілері мен сюжеттік желісін қарастырдық, оның фольклорлық шығарма, дәлірек айтсақ, тарихи аңыз екенін және осы жанрға тән ерекшеліктері бар екенін, атап айтқанда: белгілі бір нақты тарихи фактіге негізделетінін, басты кейіпкерлер тарихи тұлғалар болатынын, нақты мезгіл мен мекендер аталатынын және мұндай шығарма, бір жағынан, фольклортану процесінен өтетінін, екінші жағынан, осы үдеріс кезінде сюжет эпикалық сипат ала бастайтынын, т.б. анықтадық. Ал, сюжеттік құрамы жағынан бұл аңыз, көбінесе, эпосқа тән мотивтерден тұрады және мотивтердің кейбірі фольклордың стадиялық даму сатысына сәйкес мемлекеттік эпостың да белгілерін желіге сіңірген.

Көркем фольклордың үлгісі болғандықтан, бұл аңызда сөз өнеріне тән кейіпкерлер жүйесі бар, олардың өзара қатынасы мен іс-әрекеттері бар. Әсіресе, мән беріп айтамын нәрсе – бүкіл сюжет бас кейіпкерлердің тартысына және контрастқа құрылған. Тартыс (конфликт) Томирис пен Кирдің арасында өрбиді, соған сәйкес екеуінің болмысы, ойы мен сезімдері, істеген іс-әрекеттері де контрасты, қарама-қайшы түрде көрсетіледі. Бұл ғана емес, екі патшаның елдері де, өмір салты да, мекендері мен тұрақтары да бір-біріне қарама-қайшы, олардың әлеуметтік ұйымдары, яғни құрылымдары да контрасты, тіпті екі патшаның жыныстары екі түрлі. Мәселен, Томирис – сұлу әйел, Кир – айбынды еркек, Томирисінің елі – далалық, Кирдің елі – қалалық, Томирисінің қауымы – ру-тайпалық, ал Кирдің қоғамы – құл иеленуші мемлекет, Томирис – өз елін, жерін қорғаушы, Кир – басқыншы, шапқыншы... Осындай антитеза бүкіл аңыздың мазмұнын құрайды. Контрастық сипат тіпті батырлардың өлімінде де байқалады. Айталық, Спаргапистің өлімі мен Кирдің өлімі екі басқа. Біреуі – өз Отанын қорғау жолында, екіншісі басқыншылық шайқаста ажал құшады. Жалпы, осы аңыздағы конфликт екі түрлі әлемнің, екі түрлі мәдениеттің, яғни дала мен қаланың, ру-тайпалық қоғам мен мемлекеттік құрылымның күресі сияқты көрінеді.

Он екі мотивтен тұратын сюжет өзінің көптеген компоненттері бойынша эпикалық жырдың табиғатына сай. Әсіресе, ондағы екі бас қаһарман мен олардың істері һәм екі қолдың шайқасы, - бәрі батырлық мәндегі тарихи жырдың айқын белгілері. Ал, енді осы аңыздың басты қаһармандары – кімдер деген сауалға жауап ізделік. Мұнда бірнеше тұлға көрінеді: Томирис, Кир, Крез, Камбис, Гистасп, Дарий. Бұлардың бәрі – тарихи қайраткерлер, дұрысында – патшалар, ел басқарушылар. Біз олардың бәрін емес, тек Томирис пен Кирдің бейнелерін талдаймыз.

Кир туралы Геродоттың кітабында көп ақпарат беріледі. Оның қалай өмірге келгені, үйленгені, таққа отырғаны туралы, оның қанша елге жорыққа шыққаны, қандай елдерді бағындырғаны жөнінде дерек мол. Тіпті, оның қай мемлекетті қай жылы жаулап алғаны жайында да мағлұмат бар. Бұларға қоса Кир патшаның адами болмысы да ашылып көрсетіледі. Ол жай ғана шапқыншы емес, ақылды да айбарлы, айлалы да тәжірбиелі, ержүрек те ойлы басшы ретінде, әр қырынан бейнеленеді. Ол әр жорығын күні бұрын ойластырып, алдын-ала дайындық жасап кіріседі. Сақтар еліне жорыққа шықпас бұрын Бабылды (Вавилонды), Бактрияны бағындырып алады. Содан соң Египетті алу керек, бірақ одан бұрын сақ-массагеттерді бағындыру қажет деп табады. Енді ол Томирисінің жесір қалғанын біліп, оған үйлену керек, сөйтіп сақ мемлекетіне ие болуды ойластырады да, Томириске «құда түседі».

Кир – өте тәжірибелі, соғыс өнерінің тактикасын жақсы білетін қолбасшы. Ол бірден шабуылға шақпайды. Томирисің сөзінен кейін ол ойланады, әскери кеңес өткізеді, кеңесте алғашқы ойынан айнып, Крездің пікірін дұрыс деп табады. Мұнда ол, қажет болса, өз шешімінен айнып, басқа адамның да сөзін тыңдай білетін, ұтымды жолды іздей білетін басшы ретінде көрінеді.

Міне, бұл аңызда үлкен мемлекеттің патшасына қажетті осындай қасиеттермен бірге Кирдің басқа да мінездері айшықталады. Ол – өзімшіл, тәкаппар, мақтаншақ, өзіне өте сенімді және өзін ерекше жаралған жанмын деп санайтын адам, сондықтан ол өзін өлмейтін кісімін деп, шайқасқа кіреді, сонда өледі, ал оның өз басы қалай шайқасқаны, қалай мерт болғаны айтылмайды.

Томирис тұлғасының тарихилығы. Ал, Томирис кім? Оның ата-анасы кім болған? Арудың балалық шағы қалай өткен? Ол таққа қалай отырған?...т.т. Сауал жетерлік. Жауаптар табыла ма? Оны қалай табуға болады? Іздеу керек... Томирис жайында дерек өте тапшы. Геродоттың кітабында осы аңыздан басқа еш жерде Томирис туралы әңгіме жоқ. Оның есімі В.Янның шығармаларында құр аталады. Томирис патшайым жөнінде қазақ авторлары да қалам тербеді. А.Қыраубаева, Н.Келімбетов, Т.Жұртбай т.б. еңбектерінде Томирис туралы осы аңыз қарастырылады. Алайда, олар да Томирисің тегі мен жастық шағы туралы ешқандай мәлімет бермейді. Мұндай мәліметтерді марқұм Болат Құрманбекұлы Жандарбековтің «Томирис» атты тарихи повесінен табуға болады [2, Б. 4-6]. Әрине, көркем шығарма болған соң, мұнда да белгілі бір дәрежеде шарттылық бар, алайда бұл жағдай бізді шошытпауға тиіс, өйткені повесің авторы өз шығармасын «тарихи повесть» деп атаған. Демек, ол өзіне үлкен жауапкершілік алған да, қажетті тарихи деректер мен жылнамаларға аңыз бен әфсаналарға, тағы басқа әдебиетке сүйенген, олардан өзіне керек мағлұматтар алған, оларды зерделеген, ой елегінен өткізген, таңдап, іріктеп пайдаланған. Олай болса, жазушы шындықтан тым алшақтамаған деп ойлаймыз. Бұл ойымызды құптайтын мына бір жәйттерді де ескеру керек сияқты. Болат Жандарбеков өз шығармасына негіз етіп, Геродот жазбасындағы аңыздың сюжетін алған да, көркем сөз өнерінің тәсілдерін пайдаланған, сөйтіп Томирис патшайымның ата-тегі, анасы, әсіресе, әкесі жөнінде кең әңгімелеген. Автор бұл жолда батырлар жырының сюжеттік композициясына сүйенген. Әлбетте, көркем шығарма болған соң, бұл повесте болуы ықтимал деген жағдайлар да ойдан қосылған, ондайлардың қатарында Томирисің жастық шағы, тұрмыс құруы, оның таққа отыруы сияқты оқиғаларды атауға болады.

Жазушы Б.Жандарбековтің шығармасында Томирисің әкесі – Спаргапис деген адам. Ол сақтар мен массагеттердің басын біріктірген патша. Оның әйелі – Зарина сұлу. Ол қызы Томирисің дүниеге әкелген күні қайтыс болады. Анадан ерте айырылса да Томирис өжет, әрі бұла болып өседі. Томирис бес жасында асау аттың құлағында ойнайды. Алты жасқа толғанда қолына қылыш алып, соғыс өнеріне жаттыға бастайды. Он үш жасқа келгенде қарудың барлық түрін меңгереді. Ел ішінде одан асқан шебер жоқ. Ол қылышпен де, найзамен де шайқаса алатын, садақтан оң қолымен де, сол қолымен де дәл ататын мерген болады. Ал, бәйгеде әрқашан бірінші болып келетін шабандоз да Томирис.

Спаргапис өзінің қызын әдейі осылай баулиды. Томирисің басқа перзенті жоқ. Сол себепті ол қызын тақ мұрагері болуға дайындайды. Қызы да әкесінің ойын түсініп, барынша оған жақын болады. Томирис өзін болашақ патшайым ретінде ұстап, керек болса кез-келген батырмен шайқасуға дайын жүреді. Мұндай жағдай пайда болып, Томирис биіктен көрінеді: массагеттер мен тиграхауд сақтардың әскері бірігіп, хаомоварг сақтарға қарсы жорыққа шығуға жиналады. Осы жиын-тойда Томирис өзінің нағыз батыр екенін дәлелдейді. Ол тиграхауд сақтарының бас батыры Рустаммен жекпе-жекке шығып, соғыс өнерін, қаруды пайдалана білу жағынан Рустамнан кем түспейді. Тек Рустам батырдың физикалық күшін мойындап, соған тұрмысқа шығады. Әкесі қайтыс болған соң, Томирис таққа отырады [2, Б. 23-25].

Болат Жандарбековтің ежелгі аңыз сюжетіне қосқан бұл оқиғалар – кәдімгі батырлық жырлар мен аңыздарда жиі кездесетін эпикалық мотивтер. Бұлар осыдан екі жарым мың жыл бұрын хатқа түскен аңыздың сюжетін толықтырып тұр, яғни Геродот жазбасында жоқ мотивтер ойдан қосылып, аңызды мазмұн жағынан байытқан, толыққанды шығармаға айналдырған. Осы мотивтер арқылы біз Томирисің парсы патшасы Кирмен соғысына дейінгі өмірін біліп, оның соғыс кезеңіндегі іс-әрекеттерінің, сөздері мен мінез-құлқының сырларымен ерекшеліктеріне, оның патшалық болмысына қанығамыз.

